

Тобы	Ересек « Балауса» топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	ҚАРАША // 2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	<i>Денсаулық</i>	<i>3</i>	<i>Қатынас</i>	<i>2,5</i>	<i>Таным</i>	<i>2,5</i>	<i>Шығармашылық</i>	<i>3,5</i>	<i>Әлеумет</i>	<i>0,5</i>
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	1	Математика негіздері	1	Сурет салу	1	Қоршаған ортамен таныстыру	0,5
			Көркем әдебиет	1	Құрастыру	0,5	Мүсіндеу	0,5		-
			Орыс тілі	0,5	Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,5		-
							Музыка	1,5		-
			Вариативті компонент көркем әдебиет	1						
			Вариативті компонент сөйлеуді дамыту	1						

Жомарт күз/Щедрая осень/Generous autumn // (1-апта)

Мақсаты: бау-бақшалардан, егін алқабынан мол өнім жинау туралы білімдерін қалыптастыру, татулыққа, бірлікке, өзара көмек көрсетуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Кедергілерден секіру". Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі тізені жоғары көтеріп жүруге жаттықтыру; сапта шашырап жүгіру дағдыларына машықтау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық тақтаймен жүріп келе жатып, қолындағы кішкентай допты оң қолдан сол қолға ауыстыру, алдына және артына ұстап, ауыстыру; бір қатарға қойылған (5 м) кеглилардың арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысына үйрету; сапта 3 метр қашықтықта аяқтарын алшақ қойып, допты екі	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Балалардың қолынан қорек іздеген тиін суреті бойынша әңгімені құрастыру". Мақсаты: Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру; суретті сипаттағанда сол суреттегі оқиғаларға деген қатынасын білдіру үшін өзі ойын бөлісу амалдарымен таныстыру; күз мезгілі туралы ұғымдар тізбегін жетілдіру; тиіннің күз мезгіліндегі тіршілігі жөнінде түсініктерді тиянақтау. Балаларды шығармашылық тапсырмаларды орындау технологиясының тәсілдерін қолданып, мазмұнды сурет	Математика негіздері. Тақырыбы: "Күзгі орманның ғажайыптары". Мақсаты: Балаларға заттарды көзбен көрмей, ұстап, сипап кезегімен санау тәртібі туралы ұғымдар беру; бірден бастап төртке дейінгі сандар жөніндегі түсініктерді тиянақтау; күздің ормандағы сыйлары, тиін тіршілігі жөніндегі білімдер тізбегін қалыптастыру. Балаларды заттарды көзбен көрмей түйсіну, қолмен ұстап, сипап санау амалына үйрету, заттар жиыны жөніндегі қорытындыны тізбекке қарап, қайта саусақтарды тигізіп, санау арқылы тексеру дағдысын жетілдіру;	Сурет салу. Тақырыбы: "Үлкен және кішкентай қарбыздар". Мақсаты: балаларды суреттің бояудың бетіне шығу сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері түрлі дөңгелектерді салып, ішін тике жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасы бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету; бақшада өсірілетін өнімдердің бірі, қарбыз туралы түсініктерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасы, пішінді және көлемді ажырату қабілетін дамыту; экологиялық мәдениетке баулу, еңбекқорлыққа	
---	--	--	---	--	--

	қолымен бір-біріне қарама-қарсы тұрып лақтыруға жаттықтыру; жомарт күз туралы ұғым беру.	бойынша әңгіме құрастыруға үйрету; сурет мазмұнын талдау барысында зат есімдерді, етістіктерді, сын есімдерді білдіретін сөздерді тауып, сөз тіркестерінде, жай және күрделі сөйлемдерде қолдану білігін қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; шығармашылық ойлау, және логикалық ойлау негіздерін, қабылдау, есте сақтау, аналитикалық қабілеттерін дамыту; эстетикалық талғамды қалыптастыру. Балалардың күз мезгіліндегі адам өміріндегі, жабайы аңдардың тіршілігіндегі, табиғат құбылыстарының өзгерістеріне деген байқампаздыққа, зеректікке, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу.	заттар көлемін сан арқылы белгілеуге машықтау, екі түрлі заттар топтамаларын теңдестіру амалдарын қайталау; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікті, зейінді, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың жабайы аңдар тіршілігіне деген бақылағыштығын арттыру; ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	тәрбиелеу.	
--	--	--	--	------------	--

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Кедергілерден сүрінбей өтіп көр". Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі тізені жоғары көтеріп жүруге жаттықтыру; сапта шашырап жүгіру дағдыларына машықтау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық тақтаймен жүріп келе жатып, қолындағы кішкентай допты оң қолдан сол қолға ауыстыру, алдына және артына ұстап, ауыстыру; бір қатарға қойылған (5 м) кеглилардың арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысына үйрету; сапта 3 метр қашықтықта аяқтарын алшақ қойып, допты екі қолымен бір-біріне қарама-қарсы тұрып лақтыруға жаттықтыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: "Кішкентай бағбан". Мақсаты: Балаларды «Кішкентай бағбан» әңгімесімен таныстыра отырып, әңгімеде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; Садық пен Халелдің негізгі қимыл әрекеттері мен қасиеттерін сипаттай білуге үйрету; әңгіменің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру; жомарт күз туралы түсінік беру. Балалардың әңгімедегі көркем сөздер арқылы тілі мен есте сақтау қабілетін, зейіні мен түйсігін дамыту. Балалардың қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде өзара мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Күзгі ағаш". Мақсаты: Балаларды ағаш қима үлгісінің үстіне өздері қалаған жерге алдын-ала боялған, түрлі-түсті макарондарды құрастырып, жапсыруға үйрету; күз мезгілінің ерекшеліктерін атай отырып, балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту; күз мезгілі туралы білімдерін толықтыру; күз мезгілінде болатын табиғат құбылыстарын ажырата білу дағдыларын дамыту.	Мүсіндеу. Тақырыбы: "Жемістер". Мақсаты: балаларды жемістердің негізгі пішінін, алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беруге, бөлшектерді саусақтың және қырнауыштың көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуге үйрету; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалана отырып, қол бұлшықеттерін дамыту; заттың пішіні мен пропорциясына назар аудара отырып, сипаттық ерекшеліктерін байқауды және атауды үйрету.ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	
--	--	---	---	---	--

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Озамын десең - зерек бол". Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі тізені жоғары көтеріп жүруге жаттықтыру; сапта шашырап жүгіру дағдыларына машықтау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық тақтаймен жүріп келе жатып, қолындағы кішкентай допты оң қолдан сол қолға ауыстыру, алдына және артына ұстап, ауыстыру; бір қатарға қойылған (5 м) кеглилардың арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысына үйрету; сапта 3 метр қашықтықта аяқтарын алшақ қойып, допты екі қолымен бір-біріне қарама-қарсы тұрып лақтыра білуді жетілдіру.	Орыс тілі Тақырыбы: "Домашние животные и детеныши. Рассказывание сказки "Волк и семеро козлят". Мақсаты: Расширять понятия детей о домашних животных, познакомить с названиями детенышей домашних животных; знакомить с особенностями звукоизвлечения домашней птицы, жизни перелетных птиц; формировать понятие о признаках действия "громко - тихо"; уточнять знания о временах года, представления о Родине. Учить детей включаться в тематику занятия о домашних животных и детенышах на русском языке, упражнять в построении логических ответов, учить запоминать названия	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Бақшадағы мол өнім". Мақсаты: Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде бақшада өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көгөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың күз мезгілінің ерекшеліктері арқылы сөздік қорын молайту, тілін жетілдіру; көгөністер мен жемістерді ажыратып атау, есте сақтауы мен ойлау қабілетін, зейіні мен тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға	Музыка. Тақырыбы: "Күз әуені". Мақсаты: балалардың әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін жаттықтыру.	
--	---	---	--	---	--

		животных и их детенышей, отрабатывать навыки обобщения по общим признакам, активно, вместе со сверстниками, выразить артикуляцию звуков в словах, отображающих звуки домашних животных, обговаривать с помощью глаголов; учить различать понятия "громко" и "тихо", регулировать силу голоса.	қызығушылықтарын дамыту. Оқу қызметінде балалардың күзгі маусым тіршілігіне қызығушылықтарын ояту; бір-біріне деген жолдастық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне, табиғатқа қамқор бола білу қарым-қатынасына тәрбиелеу.		
	-			Музыка. Тақырыбы: "Жомарт күз". Мақсаты: балалардың әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына үйрету;	

				музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін жаттықтыруды пысықтау.	
Вариативті компонент		Вариативті компонент. Көркем әдебиет Ұлттық ойындар		Вариативті компонент. Сөйлеуді дамыту «Өнерлі екен он саусак»	
Көлік/Транспорт/Transports// (2-апта)					
Мақсаты: көлік түрлері, көлік жүргізуші, көлік бөліктері туралы білімдерін кеңейту, көлік құралдары арасындағы айырмашылықты (қоғамдық, жеке және т.б.) табуға үйрету, ойлауды, қабылдауды, зейінді, есті дамыту, көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Пингвинше қос аяқтап секіру" Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; құрсауға денесін тигізбей, бір жанымен кіру; құм салынған қапшаны басына	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [Ж], [Ш] дыбыстары". Мақсаты: Балаларды тақпақ шумақтарының оқиғаларды сипаттаудың ұйқасы мен сөздердің ырғақтылық тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз	Математика негіздері. Тақырыбы: "Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар". Мақсаты: Балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру; заттардың ұзындығы мен ені жөнінде ұғымдарын тиянақтау; кеңістіктегі бағыттарды пысықтау; жол жүрісі жөнінде мағлұматтар беру,	Сурет салу. Тақырыбы: "Жүк машинасы". Мақсаты: балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу техникасына үйрету; көлік бөліктерін тұтас жүк машинасы бейнесіне біріктіру амалдарын көрсету; жүк	Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырыбы: "Көліктер". Мақсаты: Балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, атқаратын қызмет аясына қарай салыстыра білуге үйрету; көліктер қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту.

	қойып, кубиктерден аттап өту және құм салынған қапшаны екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты қос аяқтап секіру дағдысына үйрету; сапта тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын әрі қарай жетілдіру; көлік туралы ұғымдарын кеңейту.	дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру; дауыссыз [ш], [ж] дыбыстарының естілу ерекшеліктерімен таныстыру; көлік түрлері туралы жалпы ұғымдарын тиянақтау, жол ережелерін пысықтау. Балаларды жол ережелерін тақпақ шумақтарында тыңдап, түсінуге үйрету; дауыссыз [ш], [ж] дыбыстарының артикуляциясын жаттықтыру, осы дыбыстарды құлақпен есту және жекеше түрде, буын не сөз құрамында, қарапайым мәтінде айту біліктерін, фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.	жалпы жол ережелерін пысықтау. Балалардың ұзындығы әртүрлі, түрлі-түсті, үш жолақты беттестіріп, ұзындығы бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру; өз жұмысын, жауабын көрнекілік үлгісіне қарап, өз жұмысының нәтижесіне қарап, қорытынды жасау дағдыларын ұштау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, түстерді ажырату, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін, ой-өрісін, логиканы дамыту. Балалардың заттардың қасиеттеріне, байқағыштықтарын қалыптастыру.	машинасының адамның еңбегінде алатын орны туралы түсіндіру; сурет салуда бөлшектерден құрылған бейненің үйлесімдігін сақтау іскерлігін, көз мөлшерін, елестету қабілетін дамыту; тиянақтылыққа, мақсатшылдыққа тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Сан түрлі секіре аламыз" Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Көлік жүргізуші". Мақсаты: Балаларды көлік жүргізушінің	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Асқабақ тиелген трактор". Мақсаты: Балаларға трактор көлігі туралы	Жапсыру. Тақырыбы: "Жүк көлігі". Мақсаты: балаларды геометриялық	

	бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; құрсауға денесін тигізбей, бір жанымен кіру; құм салынған қапшаны басына қойып, кубиктерден аттап өту және құм салынған қапшаны екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты қос аяқтап секіру дағдысына үйрету; сапта тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын дамыту.	қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сипаттай білуге үйрету; жүргізуші қызметінің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпындыру; көлік туралы түсінік беру. Балалардың көлік түрлеріне байланысты көркем сөздер арқылы тілі мен есте сақтау қабілетін, зейіні мен түйсігін дамыту. Балалардың көлік түрлері мен жүргізуші қызметіне қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде жолдастық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	түсінік бере отырып, оның жалпы көлік екені жөнінде білімдерін кеңейту; көліктерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; көлікке күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; трактордың негізгі бөліктерін атауға жаттықтыру; жалпы көліктер туралы ұғым беру. Балалардың сөздік қорын трактордың ерекшеліктері арқылы молайту және тілін жетілдіру; көліктерді ажырату, атау, есте сақтауы мен ойлау қабілетін, зейінін дамыту, көлік бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға қызығушылықтарын ояту, нысандарды салыстыруға дағдыландыру. Балалардың көліктерге	пішіндерді қағаз бетіне орналастырып, жүк көлігін жапсыруды үйрету; геометриялық пішіндер жайлы білімдерін толықтыра отырып, геометриялық пішіндердің түсі, көлемі бойынша ажыратуға үйрету; көлік және көлік түрлері туралы білімдерін кеңейту; жүк көлігінің құрылымы және оның пайдасы туралы білімдерін кеңейту; қағаз бетінде кеңістікті дұрыс бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; жұмысты тиянақты, ұқыпты жасауға тәрбиелеу.	
--	---	---	--	---	--

			қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде бір-біріне деген жолдастық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне, көліктерді күте білу қарым-қатынасына тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Ойын шартын ұстанайық" Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; құрсауға денесін тигізбей, бір жанымен кіру; құм салынған қапшаны басына қойып, кубиктерден аттап өту және құм салынған қапшаны екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты қос аяқтап секіру дағдысына үйрету; сапта тізені жоғары көтеріп жүру			Музыка. Тақырыбы: "Ойыншықтар". Мақсаты: балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс ала білуге жаттықтыру.	

	дағдыларын жетілдіру.				
Вариативті компонент		Вариативті компонент. Көркем әдебиет Ұлттық әдебиеті		Вариативті компонент. Сөйлеуді дамыту «Өнерлі екен он саусақ»	
Жабайы табиғат әлемі/Мир дикой природы/World Wide Fund for Nature // (3-апта)					
Мақсаты: балаларды қоршаған табиғат объектілері жайында қарапайым пайымдау жасауға ынталандыру, қызығушылықтарын арттыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бір жанымен шапшаң қадаммен жүру" Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруге үйрету; шеңберде жүріп келе жатып, сапқа екі-екіден тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен қолдарын белдеріне	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Зообақ тұрғындары туралы жұмбақ жасырмақ жаттығулары". Мақсаты: Балаларды көркем сөздің жұмбақ формасымен таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығы жөнінде түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту; сөздердің затты, оның сипатын, оның іс-қимылын білдіретіні	Математика негіздері. Тақырыбы: "Қояндар отбасы қысқа дайындалуда". Мақсаты: Балалардың бес саны мен бестің көлемінде санау туралы білімдерін жетілдіру; екі бөлек заттар топтамаларын жиын сандары бойынша салыстыру амалдарын қайталау; "тең", "кем", "артық" сияқты ұғымдарды жетілдіру; заттардың ұзындығына қатысты қасиетін пысықтау; қояндардың тіршілігі жөнінде жаңа	Сурет салу. Тақырыбы: "Алманы тапқан қоян". Мақсаты: балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша, не алманы, не сәбізді, не өзге жарамды қоректі салуды дағдыландыру;	

	қойып, бір жанымен шапшаң қадаммен жүріп өту, жерде 50 см қашықтықта жатқан арқаншалардан (4-5 дана) екі аяғымен секіру және допты екі қолымен 3 м қашықтықта сапта тұрып, көкірегінен лақтыру (баскетболша лақтыру тәсілімен) дағдыларына үйрету; жабайы табиғат әлемі туралы түсініктерін кеңейту.	туралы ұғымдар қалыптастыру; орман тұрғындары жабайы аңдардың зообақта мекендеуінің себебін түсіндіру, әрқайсысына тән тіршілік ету ерекшеліктерін тиянақтау. Балаларды жұмбақ жасыру әдістерімен таныстыру; лимерик техникасы бойынша бес жолдан тұратын жұмбақтың құрылысын игеруге мүмкіндіктер жасау; "Бұл не?", "Ол қандай?", "Ол не істеді?", "Ол немен байланысты?", "Қандай ақыл айтамыз?" сияқты сұрақтарға жауап беріп, жасырынған заттың не құбылыстың өзін атамау білігін қалыптастыру; қалыптасқан құрылымға сай, затқа не құбылысқа сипаттама болатын, өз ойын қарапайым сөйлем арқылы	мағлұматтар беру. Балаларды, заттардың саны кем болған топқа, бірін қосып, үстемелеу немесе артық топтан бір затты алып тастау сияқты, теңдікті орнату тәсіліне үйрету; заттардың ұзындығы бойынша тұастастырып, беттестіріп салыстыра білу дағдыларын ұштау; заттардың жиынын санға сәйкестеу білігін жетілдіру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың жабайы аңдардың әртүрлі жыл мезгілдеріндегі тіршілігіне деген бақылағыштығын дамыту; ұқыптылыққа, қамқорлыққа, табиғатты сүюге тәрбиелеу.	қоңыр күздегі құбылыстар жөнінде білімдерді тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, түйсігін дамыту; қазақ ертегілері әлеміне деген қызығушылықты арттыру; ынталылыққа тәрбиелеу.	
--	---	---	--	---	--

		жеткізуге жаттықтыру; пантомималық қабілеттерін жетілдіру; заттарды ортақ сипатқа сәйкес бір жалпылауыш сөзбен атау дағдыларын жетілдіру.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аңдар жүрістеріне еліктейік" Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруге үйрету; шеңберде жүріп келе жатып, сапқа екі-екіден тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен қолдарын белдеріне қойып, бір жанымен шапшаң қадаммен жүріп өту, жерде 50 см қашықтықта жатқан	Көркем әдебиет Тақырыбы: "Батпан құйрық". Мақсаты: Балаларды «Батпан құйрық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдап отырып, қайталап айтуға үйрету; ертегідегі аңдардың көңіл- күйлері мен қимыл- қозғалыстарын эмоциямен қабылдай білуге қызықтыру; жабайы табиғат әлемі туралы түсінік беру. Ертегі желісі арқылы балалардың шығармашылығын,	Құрастыру. Тақырыбы: "Түлкі деген қу болар". Мақсаты: Балаларды қағазды бұру арқылы конус, "оригами" әдісі бойынша түлкінің басын жасап, түлкіні құрастыруға үйрету; желім арқылы түлкі басы мен денесін жапсыру іскерліктерін жетілдіру; құрастыра отырып, балаларды жабайы жануар: түлкі туралы білімдерін толықтыру; "оригами" әдісі туралы мағлұмат беру.	Мүсіндеу. Тақырыбы: "Аю бауырсақпен кездесті". Мақсаты: балаларды ертегілердің қарапайым сюжеттерін бейнелеуге үйрету; алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйрету; бөлшектерді бір-біріне біріктіру іскерліктерін жетілдіру; ертегі кейіпкерлерін мүсіндеуге қызығушылықтарын арттыру; ынталы, зейінді болуға, пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауға тәрбиелеу; жұмбақтың шешімін табу арқылы жабайы жануарлар жайлы, соның ішінде аю	

	арқаншалардан (4-5 дана) екі аяғымен секіру және допты екі қолымен 3 м қашықтықта сапта тұрып, көкірегінен лақтыру (баскетболша лақтыру тәсілімен) дағдыларын дамыту.	есте сақтау қабілеті мен тілін, зейіні мен дүниетанымын дамыту. Балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; бірін-бірі сыйлау және жабайы табиғат әлемін құрметтеу әдебі мен оқу қызметі барысында белсенді бола білуге тәрбиелеу.		туралы мағлұмат беру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Ойын жүргізуші" Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруге үйрету; шеңберде жүріп келе жатып, сапқа екі-екіден тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен қолдарын белдеріне қойып, бір жанымен	Орыс тілі Тақырыбы: "Дикие животные и детеныши. Быстро-медленно". Мақсаты: Расширять знания детей о диких животных, их сфере обитания и питания; познакомить с названиями самок животных; закреплять названия детенышей; развивать понятие "дикая природа" на примере знакомства с поговоркой "Сколько волка не корми - он в лес смотрит".	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Мыршай". Мақсаты: Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілік қалпы туралы білімдерін кеңейту; түлкінің дене мүшелерін атау дағдыларын жетілдіру; түлкінің баласы мыршайға қамқорлық жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; түлкінің дене мүшелерін бақылау және зерттеу қабілетіне жаттықтыру; жабайы табиғат туралы	Музыка. Тақырыбы: "Кірпі". Мақсаты: балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына және ырғақтық қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауға жаттықтыру.	

	шапшаң қадаммен жүріп өту, жерде 50 см қашықтықта жатқан арқаншалардан (4-5 дана) екі аяғымен секіру және допты екі қолымен 3 м қашықтықта сапта тұрып, көкірегінен лақтыру (баскетболша лақтыру тәсілімен) дағдыларын жетілдіру.		ұғым беру. Балалардың сөздік қорын түлкінің ерекшеліктері арқылы молайту және тілін жетілдіру; түлкінің дене мүшелерін атағанда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, зейіні мен мыршайға тәжірибе жұмыстарын жасауға, басқа аңдармен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Балалардың түлкінің тіршілігіне қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде құрдастарының жауаптарын тыңдай білуге және жабайы табиғат өкілдеріне қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.		
				Музыка. Тақырыбы: "Аңдардан нені үйренеміз?". Мақсаты: балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын	

				арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына және ырғақтық қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауға жаттықтыруды пысықтау.	
Вариативті компонент		Вариативті компонент. Көркем әдебиеті Ұлттық ойындар		Вариативті компонент. Сөйлеуді дамыту «Өнерлі екен он саусақ»	
Ғажайыптар әлемінде/В мире сказок/In the world of magic // (4-апта)					
Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілеттерін, ақыл-ой әлеуетін, ойлауын, қиялын дамыту, дербес әрекетке ұмтылысын, белсенді әлеуметтенуін қалыптастыру, адамгершілік және эстетикалық сезімдерін ояту.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Арқан астынан еңбектеу" Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Ойыншықтар фабрикасына саяхат ертегісін" мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [Ф], [П], [Б]	Математика негіздері. Тақырыбы: "Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш.". Мақсаты: Балалардың үшбұрыш, дөңгелек	Сурет салу. Тақырыбы: "Ғажайып әлемінің шамдары /дымқыл қағаз бетіне сурет салу/ ". Мақсаты: балалардың дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған	Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырыбы: "Сиқырлы кемпірқосақ". Мақсаты: Балаларға кемпірқосақ туралы түсінік бере отырып, олардың түстерімен

	қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруге жаттықтыру; шеңберде жүріп келе жатып, сапқа екі-екіден тұру қабілетін жетілдіру; биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаларды басына қойып, дене тепе-теңдігін сақтап жүру дағдыларына үйрету; ғажайыптар әлемі туралы ұғым беру.	дыбыстары". Мақсаты: Балаларды ойыншықтар фабрикасы туралы ертегінің мазмұнымен таныстыру; ертегі жанры туралы ұғымдар қалыптастыру; ойыншықтардың пайда болуы туралы жаңа мәліметтер беру; дауыссыз [ф], [п], [б] дыбыстарының естілу ерекшеліктерімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтарды толықтыру; ойыншықтармен ойнағанда, оларды күту әдептері туралы баяндау. Балаларды ойыншықтар фабрикасы ертегісі мазмұнын есте сақтау, мнемочарточкаларды дұрыс таңдап, сұрақтарға мәтінге жақын сөздерді пайдаланып, жауап	және шаршы сияқты геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін тиянақтау; қоршаған заттардың геометриялық пішіндерге ұқсастығы жөніндегі ұғымдарын жетілдіру. Балаларды геометриялық пішіндердің қасиеттерін түстеріне қарамай, тұрастырып, беттестіріп, салыстырып, ажыратуға үйрету; қоршаған ортадағы заттардың құрамында геометриялық пішіндерді байқауға жаттықтыру, геометриялық пішіндердің көлемін санап, санмен белгілеу дағдысын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, елестету, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту.	кылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасына үйрету; "палитра" ұғымын қалыптастыру; қағаздың бүкіл бетін пайдалану білігін жетілдіру; ғажайыптар әлемін елестетудегі ойларын айтуға, қағаз бетіне түсіруге талпындырту; ой-қиял, түйсіну қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.	таныстыру; кемпірқосақ түстерін бір-бірінен ажыратып, оларды атау дағдыларын жетілдіру; кемпірқосақтың табиғатта пайда болуы жайлы білімдерін қалыптастыру; кемпірқосақ туралы ұғымдарын кеңейту.
--	--	---	---	---	--

		қайтаруға үйрету; ертегі желісіндегі оқиғаларға қарапайым түйіндеме жасай білу білігін арттыру; дауыссыз [ф], [п], [б] дыбыстарының артикуляциясын жеке сөздер мен буындар құрамында дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.	Балалардың қоршаған объектілердің қасиеттеріне деген байқағыштықтарын дамыту, достыққа тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Иілгіш боламыз" Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруге жаттықтыру; шеңберде жүріп келе жатып, сапқа екі-екіден тұру қабілетін жетілдіру; биіктігі 40 см арқанның астынан	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Алтын құс". Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; ертегідегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттай білуге үйрету; ертегінің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беруге	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Өсімдіктер күтімі". Мақсаты: Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме өсімдіктерінің аттарын жатқа айтуға және оларды көргенде тани алуға үйрету; өсімдік атаулары мен сыртқы бейнесін, құрылысындағы бөліктерінің атауларын дұрыс айтуға дағдыландыру; оларды баптап күту	Жапсыру. Тақырыбы: "Ағаштарды қар басты". Мақсаты: балаларды қоңыр түсті қағаздың үстіне алақандарын бастырып, қайшының көмегімен қиып алып, ағаштың діңі мен ұшар басын, көк түсті қағаздың үстіне тең ортасына орналастырып, жапсыруды үйрету; мақта табакшаларын ағаштың ұшар басына	-

	қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаларды басына қойып, дене тепе-теңдігін сақтап жүре білуге жаттықтыру.	талпындыру; ғажайыптар әлемі туралы түсінік беру. Балалардың ертегідегі көркем сөздер арқылы тілі мен есте сақтау қабілетін, зейіні мен түйсігін дамыту. Балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.	ережелерімен таныстыру; өсімдіктерді салыстыра білу дағдыларын және зерттеу, тәжірибе жүргізу жұмыстарына деген қызығушылықтарын арттыру; өсімдіктердің негізгі ерекшеліктерін бақылау және зерттеу қабілетіне жаттықтыру; ғажайыптар әлемі туралы ұғым беру. Балалардың сөздік қорын өсімдіктердің түрлері мен ерекшеліктері арқылы молайту; өсімдіктердің түрлерін атағанда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, зейінін, ой-өрісін, қиялы мен қызығушылығын дамыту. Балалардың бөлме өсімдіктерінің алуан түрлілігіне қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде құрдастарының жауаптарын тыңдай	жапсыруға және мақта табақшаларын тең ортасынан екіге қиып, доға тәріздес жағын жоғары қаратып, қағаз бетінің төменгі жағына қатар бойымен жапсыруға үйрету; мақталарды үзіп алып, жауып тұрған қар бейнесін құрастыруға дағдыландыру; мақтаны үзіп алу арқылы балалардың қол саусақ моторикаларын жетілдіру; қайшымен дұрыс жұмыс жасау, кеңістікті бағдарлай алу, іскерліктерін дамыту.	
--	---	--	--	---	--

			білуге және өсімдіктерді аялай білуге, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қимылдарды қалай танимыз?" Мақсаты: Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруге жаттықтыру; шеңберде жүріп келе жатып, сапқа екі-екіден тұру қабілетін жетілдіру; биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен			Музыка. Тақырыбы: "Қоңыраулар сыңғыры". Мақсаты: балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен ілесіп ән айту қабілетін жетілдіру; музыка мен қимылдағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.	

	құм салынған қапшаларды басына қойып, дене тепе- теңдігін сақтап жүру дағдыларын жетілдіру.				
Вариативті і компонент		Вариативті компонент. Көркем әдебиеті Ұлттық ойындар		Вариативті компонент. Сөйлеуді дамыту Өнерлі екен он саусақ	